



САЛЫҚ ЗИМАНОВ 100 ЖЫЛ

«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ,
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»


Республикалық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның материалдары

Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН, ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ»

Материалы республиканской
научно-практической конференции

Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ, МЕМЛЕКЕТ
ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары
Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН, ОБЩЕСТВЕННЫЙ
И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ»**

Материалы республиканской научно-практической конференции
Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

Төраға (Председатель):

Сыдықов Е.Б., ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
мүшелері (члены):

Оңғарбаев Е.Ә., заң ғылымдарының докторы, профессор
Мерзадинова Г.Т., техника ғылымдарының докторы, профессор
Қозыбаев И.М., тарих ғылымдарының докторы, профессор
Сматлаев Б.М., заң ғылымдарының докторы, профессор
Нұрмағамбетов А.М., заң ғылымдарының докторы, профессор
Тлепина Ш.В., заң ғылымдарының докторы, профессор
Сембекова Б.Р., заң ғылымдарының кандидаты, доцент
Сақтағанова И.С., заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Бас редактор (Главный редактор):

Абдрасулов Е.Б., заң ғылымдарының докторы, профессор

Жауапты редакторлар (ответственные редакторы):

Дауталиев Қ.Н., заң ғылымдарының кандидаты

Женисов С.К., заң ғылымдарының магистрі

Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев Қ.Н., Женисов С.К. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 242 б.

Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель: материалы республиканской научно-практической конференции. / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев Қ.Н., Женисов С.К. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2021. – 242 с.

ISBN 978-601-337-529-8

Жинақта 19 ақпан 2021 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен «Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланып отыр.

Басылым ғылым және тәжірибе қызметкерлеріне, оқытушыларға, PhD докторанттар мен студенттерге, сондай-ақ ҚР ҰҒА академигі С.З. Зимановтың мұрасына қызығушылық танытқан жалпы жұртқа арналады.

В сборнике представлены доклады и выступления участников Республиканской научно-практической конференции «Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель», состоявшейся в Евразийском национальном университете имени Л.Н.Гумилева 19 февраля 2021 года.

Издание адресовано научным и практическим работникам, преподавателям, PhD докторантам и студентам, а так же для всех, кто интересуется наследием академика НАН РК С.З.Зиманова.

ӘОЖ 340
КБЖ 65

ISBN 978-601-337-529-8

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021
© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021

**Мазмұны
Содержание**

<i>Предисловие к материалам республиканской научно-практической конференции.....</i>	6
--------------------------------------------------------------------------------------	---

**1-бөлім. Конференция қатысушыларына арналған құттықтаулар
Часть 1. Приветствия участникам конференции**

<i>Тоқаев Қ.К.</i>	Қазақстан Республикасы Президентінің құттықтау сөзі.....	11
<i>Тогжанов Е.Л.</i>	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының құттықтау сөзі.....	12
<i>Мәми Қ.Ә.</i>	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының құттықтау сөзі.....	15
<i>Асанов Ж.Қ.</i>	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының құттықтау сөзі.....	16
<i>Дәуленов М.М.</i>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрінің құттықтау сөзі.....	18
<i>Бекетаев М.Б.</i>	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің құттықтау сөзі.....	20
<i>Құл-Мұхаммед М.А.</i>	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутатының құттықтау сөзі	22
<i>Жұрынов М.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Президентінің құттықтау сөзі	24
<i>Абдолла С.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Судьялар одағы Төрағасының құттықтау сөзі.....	26

**2-бөлім. Ғылыми баяндамалар
Часть 2. Научные доклады**

<i>Сыдықов Е.Б.</i>	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының кіріспе сөзі.....	30
<i>Сұлтанов Қ.С.</i>	Академик Салық Зимановтың заңшығарушылық қызметке қосқан үлесі.....	32
<i>Абдильдин Ж.М.</i>	Салық Зиманов – выдающаяся целостная личность.....	33
<i>Сабыкенов С.Н.</i>	Академик С.З. Зиманов - выдающийся учёный-юрист современности, основатель юридической науки и юридического образования Казахстана.....	36
<i>Алимбеков М.Т.</i>	Ұлағатты ұстаз туралы сөз.....	38
<i>Дулатбеков Н.О.</i>	Салық Зиманов мұрасының өміршеңдігі туралы.....	42
<i>Шапақ У.</i>	Салық Зимановтың конституциялық құндылықтар туралы көзқарастары.....	44
<i>Сәрпеков Р.Қ.</i>	Өнегелі өмір.....	46

<i>Ударцев С.Ф.</i>	Академик С.З. Зиманов: основные направления научных исследований (из истории юридической науки).....	50
<i>Нурғалиева Е.Н.</i>	Положение наемных работников на предприятиях с иностранными инвестициями.....	56
<i>Тлепина Ш.В.</i>	Труды академика Зиманова С.З. как мировоззренческая и методологическая основа историко-правовых исследований.....	61
<i>Абдрасулов Е.Б.</i>	Вопросы национальной государственности и государственного суверенитета в политико-правовых воззрениях академика С.З. Зиманова.....	74
<i>Нурмагамбетов А.М.</i>	Академик С.З.Зиманов о проблемах государственности в истории Казахстана.....	80
<i>Ахпанов А.Н.</i>	Компаративно-правовое исследование свидетельского иммунитета.....	84
<i>Ибрагимов Ж.И.</i>	Академик С.Зимановтың билер соты туралы идеялары.....	88
<i>Шангирбаева Б.Ю.</i>	Свобода выражения мнения в кочевой цивилизации казахов. Некоторые взгляды академика С.З. Зиманова.....	95
<i>Балтабаев К.Ж.</i>	Имущественные наказания в уголовном праве.....	98
<i>Дауталиев Қ.Н.</i>	Абайтану және құқықтаным: академик Салық Зиманов зерттеулерінің ізімен.....	103
<i>Сақ Қ.Ө., Ертасова Г.Қ.</i>	Зиманов – көсемсөз зергері.....	110
<i>Арыстамбаева С.А.</i>	Салық Зиманов – юрист и философ.....	114
<i>Канатов А.К.</i>	Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан: правовой анализ.....	115
<i>Габдулина Б.А.</i>	Академик Салық Зиманов – ғасырлар тоғысындағы тарихи тұлға.....	118
<i>Баймолдина С.М.</i>	Академик НАН РК Салық Зиманович Зиманов – величайший ученый современности.....	127
<i>Балғынтаев А.О.</i>	Салық Зимановтың құқық қорғау және сот органдарын жетілдіру жөніндегі кейбір көзқарастары.....	130
<i>Мергембаева Н.Б.</i>	Институт биев в уголовном судопроизводстве на современном этапе.....	133
<i>Бексултанова Р.Т.</i>	Суд биев как демократический институт отправления правосудия в современном Казахстане.....	137
<i>Даурембеков Е.Қ.</i>	Қазақстандағы медиация институтының қазіргі жағдайы мен даму келешегі.....	139
<i>Абдилов К.С.</i>	Споры и конфликты в древнем обществе, происхождение судов.....	142
<i>Нурмагамбетова С.Б.</i>	От «бонапартизма» к «авторитаризму», или особенности становления французского конституционализма.....	146
<i>Сейдеш Б.Б., Мурзағалиев Е.Ч.</i>	Қазақстан Республикасының егемендігі мен мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі академик С.Зимановтың халықаралық құқыққа қосқан жекелеген үлесі.....	151
<i>Джигитова Р.Н., Симанова Г.Т.</i>	Салық Зиманов – ұлтымыздың мақтанышы, заң ғылымдарының тірегі.....	154

<i>Салауатов М.С., Маханова А.С.</i>	Салық Зиманұлы Зиманов – ғұлама заңгер, ұстаз, қайраткер.....	157
<i>Тоқабаетаева Б.М.</i>	Халқының абыз ақсақалы.....	159
<i>Кемербай Р.А.</i>	Әділдік және философия.....	164
<i>Оңланбетова Ғ.</i>	Заң ғылымының корифейіне – 100 жыл.....	166
<i>Губайдуллин М.Г.</i>	Заңғар заңгер Салық Зиманов шығармаларының ерекшеліктері.....	167
<i>Мырзатаев Н.Д.</i>	Жоғары заң білімін беруді жетілдіру барысында С. Зимановтың алатын орны.....	171
<i>Қарабаев Ф.Ж.</i>	С. Зимановтың құқық саласындағы ұйымдастырушылық қызметінің кейбір көріністері.....	175
<i>Каржаубаев С.С.</i>	К проблемным вопросам юридического образования.....	178
<i>Өмірзақов П.Қ.</i>	Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны орғауды экономикалық реттеуді жетілдіруде шетелдердің тәжірибесін қолдану.....	183
<i>Омарова Б.А.</i>	Административные процедуры в сфере недропользования в свете принятия нового административного процедурно- процессуального кодекса Республики Казахстан.....	186
<i>Капсаямова С.С., Капсаямов К.Ж.</i>	Анализ правового состояния организации государственного аудита и финансового контроля Республики Казахстан.....	191
<i>Бердібаев Н.М.</i>	Халық үніне құлақ асатын университеттен халық үніне құлақ асатын мемлекетке.....	195
<i>Жадауова Ж.А.</i>	К вопросу о совершенствовании законодательства Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию.....	202
<i>Жунусбекова А.Ж.</i>	Су ресурстары саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметі.....	208
<i>Майшекина Э.С., Амерханова И.К.</i>	Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үрдісін құқықтық реттеудің жетілдіру жолдары.....	212
<i>Найманбай А.Р., Жусипова Б.А.</i>	Академик С.Зиманов еңбектеріндегі адами құндылықтар мен руханият мәселесі.....	218

3-бөлім. Конференция фотолары Часть 3. Фотографии конференции

Академик Зиманов С.З. атындағы аудиторияның тұсаукесері Открытие кабинета имени академика С.З.Зиманова.....	222
Конференцияның жалпы отырысы Пленарное заседание конференции.....	225
Ұйымдастыру сәтінен Организационные моменты.....	233

4-бөлім. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ұсынымдары Часть 4. Рекомендации республиканской научно-практической конференции

Қазақ тілінде	238
Орыс тілінде.....	240

соотечественников за рубежом». (По материалам Итогового творческого отчета в рамках исполнения государственного задания Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан «Услуги по обеспечению поддержки зарубежных и прибывших в Республику Казахстан этнических казахов». Отчетный период: 2019 год.)

СУ РЕСУРСТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

ЖУНУСБЕКОВА Айгерим Жунусбековна

*халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

Андатпа. *Әмбебап деңгейдегі су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың заманауи институционалдық механизмі – бұл қызметі жалпы және ішінара Жер суларын қорғауға және сақтауға көмек көрсетуге арналған халықаралық ұйымдардың (үкіметаралық және үкіметаралық емес) жиынтығын көрсетеді. Мақалада халықаралық су ағындарын бірлесіп пайдалану саласында халықаралық ұйымдардың ролі мен қызметі қарастырылады.*

Аннотация. *Современный институциональный механизм международного сотрудничества в области охраны и рационального использования водных ресурсов на универсальном уровне представляет собой совокупность международных организаций (межправительственных и неправительственных), деятельность которых способствует охране и сохранению трансграничных вод в целом и частично. В статье рассматривается роль и деятельность международных организаций в области совместного использования международных водотоков.*

Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қызметін әмбебап деңгейде үйлестірудің жалпыға танылған орталығы Біріккен Ұлттар Ұйымы болып табылады.

Тұщы су ресурстары мәселесі Біріккен Ұлттар Ұйымының күн тәртібінде өзектілігіне сәйкес орынды бірден ала алмады. Экологиялық сипаттағы мәселелерге толықтай арналған алғашқы конференция 1972 жылы Стокгольмде өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта жөніндегі конференциясы болды. Алайда, онда су мәселелері әлі көпжақты талқылаудың жеке тақырыбы ретінде қарастырылмады [1].

БҰҰ-мен 1977 жылы шақырылған және тек қана суға арналған алғашқы әмбебап үкіметаралық форум Мар-дель-Платадағы конференция болды. Бұл конференцияда адамзат тарихында тұңғыш рет толығымен су ресурстарына арналған жаһандық құжат – Су ресурстарын игеру және басқару жөніндегі әрекеттер жоспары қабылданды. Сонымен қатар, Конференцияда Халықаралық ауыз су және санитария онжылдығын өткізу туралы шешім қабылданады, және су мәселелері ынтымақтастықтың жеке бағыты және әлемдік су ресурстарының нақты жағдайын пәндік зерттеу және оларды бағалау саласы ретінде анықталды. Кейіннен бұл шешімді БҰҰ Бас Ассамблеясы жүзеге асырды, ол 1980-1990 жж. Ауыз сумен жабдықтау және санитария халықаралық онжылдығы деп жарияланды [2]. Осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамытудың маңызды кезеңі 1992 жылы қаңтарда Дублинде өткен Су ресурстары және қоршаған орта жөніндегі халықаралық конференция болды. Бұл ең сәтті бейінді форумдардың бірі болып саналады. Осы конференцияда әйгілі Дублин қағидалары қабылданды, олар халықаралық ұйымдар мен құрылымдардың кейінгі жұмысына негіз болды.

Бұл қағидалар 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму бойынша конференциясында одан әрі дамыды. Осы конференцияда және 1992 жылы Рио-де-Жанейродағы Жер Саммитінде ғаламдық тұщы су ресурстарын талқылау, үйлестіру және пайдалану бойынша ірі халықаралық платформа ретінде әрекет ететін дүниежүзілік су кеңесін құру идеясы алғаш рет айтылады [3; 51].

1996 жылы Дүниежүзілік су кеңесі заңды түрде тіркеліп, Ақпараттық жұмыстармен қатар, оның басты жетістігі үш жылда бір рет өткізілетін және су проблемалары бойынша жаһандық ынтымақтастыққа өзіндік саты болып табылатын Дүниежүзілік су форумдары болды. Бұл форумдар әлемдік қауымдастықтың хабардарлығын арттыру, саяси

міндеттемелер қалыптастыру және тиімді сақтау, қорғау, игеру, жоспарлау, басқару және суды экологиялық тұрақты негізде пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында су саласындағы өзекті мәселелерді барлық деңгейінде (жоғары деңгейді қоса алғанда) шешу бойынша әрекеттерге бастамашылық ету үшін беделді платформа болды.

Су форумдарын өткізу басталуымен халықаралық қауымдастық заманауи су проблемасының ғаламдық сипатын ресми түрде растады. Бір жарым онжылдық ішінде сегіз дүниежүзілік су форумы өткізілді, олардың нәтижелері әсерлі болды [1].

БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесі әлемдік және аймақтық деңгейдегі су ресурстарының мәселелерімен де айналысады. БҰҰ Бас Ассамблеясымен Экономикалық және әлеуметтік кеңесі шегінде Энергетика және табиғи ресурстар комитеті БҰҰ-ның табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын игеру бойынша қызметін үйлестіреді, су ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша сессиялар өткізеді, қатысушы елдердің жалпы даму жоспарлары шегінде су ресурстарын жоспарлау, игеру және ұтымды пайдалану ісінде талдау жүргізеді және консультациялық қызметтер көрсетеді, осы салада ақпарат және тәжірибе алмасуды ұйымдастырады және т.б.

Халықаралық су ағындарын қорғау мен пайдалануда БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясы маңызды рөл атқарады. БҰҰ ЕЭК шегінде қоршаған ортаны қорғау және трансшекаралық өзендерді пайдалану саласында бірқатар маңызды құжаттар әзірленді және қабылданды: Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция, Хельсинки, 1992 ж., 1991 ж. Трансшекаралық контексттегі қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы конвенция (Espoo), Ақпаратқа қол жеткізу, шешімдер қабылдау процесіне қоғамның қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жетімділік туралы Орхус конвенциясы, 1998 ж.

Халықаралық су ағындарын пайдаланудағы мемлекеттер ынтымақтастықтығындағы маңызды рөл интеграциялық құрылым Еуропалық Одаққа да (ЕО) жүктелген. ЕО су ресурстарына және қоршаған ортаны қорғауға байланысты көптеген директивалар шығарды. Олардың ішіндегі ең белгілісі: 2000 жылы Одақтың Су саясаты саласындағы рамолық әрекеттерін белгілейтін Директива қабылданды (ЕО су директивасы), ол өзен бассейні деңгейінде суды кешенді пайдалану қағидасын енгізу негізінде ЕО-та су саясатын жалпы үйлестіруді қамтамасыз етуге бағытталған. Су директивасында халықаралық келісімдерді, ұлттық заңнаманы және жалпы су саясатын әзірлеу кезінде, тіпті Еуропалық Одаққа мүше емес мемлекеттермен де сәтті қолданыла алатын бірқатар ережелер мен тәсілдер бар [2].

Халықаралық үкіметтік емес ұйымдар осы саладағы өз қызметін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады: ақпараттық, консультативтік, құқық шығарушылық, бақылау. Су мәселелерімен айналысатын маңызды үкіметтік емес ұйымға Жаһандық су серіктестігі жатады. Бұл құрылым өз қызметінде су ресурстары саласындағы Дублин қағидаларын басшылыққа алады.

Алайда, су мәселесімен айналысатын ірі Халықаралық үкіметтік емес ұйымға 1948 жылы Францияда құрылған Табиғат пен табиғи ресурстарды қорғаудың халықаралық одағы болып қала береді. Сонымен қатар, бірнеше мамандандырылған ғылыми ұйымдарды да атап өту қажет, мысалы Халықаралық су ресурстарын басқару институты (International Water Management Institute) ауыл шаруашылығында су ресурстарын пайдалану және дамушы елдерде су шаруашылығын басқару мәселелерімен айналысатын ғылыми-зерттеу ұйымы болып табылады.

Халықаралық су бойынша ассоциация мақсаты тұщы су бассейндерінің жағдайын жақсарту болып табылады. Ол сумен жабдықтау, ағынды сулар, су сапасын басқару, басқарудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, экологиялық мониторинг бойынша материалдарды жариялау мәселелерімен айналысады. Ол Азия-Тынық мұхиты аймағында, Таяу Шығыста және Оңтүстік-Шығыс Еуропада трансшекаралық су ресурстары мәселелері бойынша халықаралық және аймақтық конференциялар өткізеді.

Тағы бір үкіметтік емес ұйым – Еуропалық су бойынша ассоциация 1981 жылы су ортасын басқару және жақсарту және су ресурстарын пайдаланудың барлық мәселелерімен

айналысатын тәуелсіз үкіметтік емес және коммерциялық емес ұйым ретінде құрылды. Ассоциацияның мақсаты ретінде конференциялар, кездесулер және жұмыс топтарын ұйымдастыру арқылы су ресурстарын басқару мәселелеріне қатысты соңғы техникалық және басқарушылық әзірлемелер туралы ақпарат беру болып табылады.

Осылайша, су мәселесін шешуге үкіметтік емес ұйымдар және әртүрлі бейіндегі басқа да мемлекеттік емес субъектілер белсенді қатысады. Соған қарамастан, үкіметтік емес сектор жаһандық су дағдарысына қарсы күресте рөлі артып келе жатқанына қарамастан, әлемдік саясаттың су ресурстары мәселесіндегі мамандандырылған ең тиімді субъектілері халықаралық үкіметтік ұйымдар болып қала береді, олардың арасында БҰҰ ерекше орын алады.

2000 жылы БҰҰ өткізген Мыңжылдық Саммитінде «Мыңжылдықтың даму мақсаттары» қарары қабылданды, онда су ресурстары туралы мәселелер де көрініс тапты. Атап айтқанда, «2015 жылға қарай таза ауыз суға және қарапайым санитарияға тұрақты қол жетімділігі жоқ адамдардың санын екі есеге азайту» қажет екендігі айтылды [4].

2003 жылдың желтоқсанында су тұрақты даму үшін, оның ішінде табиғи ортаны сақтау және кедейлік пен аштық көлемін азайту үшін өте маңызды екенін, сусыз халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мүмкін емес екенін мойындай отырып, БҰҰ Бас Ассамблеясы 2005-2015 жж. «Су өмір үшін» Халықаралық іс-қимылдар онжылдығы деп жариялады [5].

2015 жылы Мыңжылдық декларациясының әрекет ету мерзімі аяқталды. Бұл іс-шара сәтті өтті және маңызды нәтижелерге қол жеткізуге алып келді деп танылды. Енді әлемдік қауымдастық алдында адамзаттың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа мақсаттар қойылды. Жаңа мақсаттар қоюға арналған құжаттардың бірі БҰҰ Бас Ассамблеясының 2015 жылғы 25 қыркүйектегі «Әлемді өзгерту: 2030 ж. дейінгі кезеңде тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» 70/1 Қарары болды. Қарарда тұрақты дамудың 17 мақсаты қамтылған, оған қол жеткізуде су ресурстары маңызды рөл атқарады [6].

БҰҰ Бас Ассамблеясының келесі қадамы 2016 жылдың 21 желтоқсанында 2018-2028 жылдар кезеңін «Су тұрақты даму үшін» Халықаралық әрекеттер онжылдығы деп жариялау туралы Қарарын қабылдауы болды. Жаңа онжылдықта әлемдік қауымдастық алдында Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша келесідей міндеттер қойылды: су ресурстарын кешенді басқаруға және тиімді пайдалануға ықпал ету, бағдарламаларды, жобаларды іске асыру және ілгерілету, сондай-ақ су ресурстарымен байланысты халықаралық деңгейде келісілген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін барлық деңгейлердегі ынтымақтастық пен серіктестікті кеңейту. Сонымен қатар, қарарда су ресурстары, азық-түлік, энергетика және қоршаған ортаның өзара байланысын ескере отырып, барлық деңгейлерде суды тиімді пайдаланудың маңыздылығы атап көрсетілген. Бұл қарым-қатынас теңдестірілген болуы керектігі және компоненттердің ешқайсысы басқаларына қарағанда басым болмауы керектігі белгіленді [7].

2004 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының су ресурстарымен айналысатын түрлі мекемелері мен бағдарламаларының әрекеттерінің үйлесімділігі мен үйлестірілуін қамтамасыз ету мақсатында арнайы құрылым – «БҰҰ – су ресурстары» Механизмі құрылды, оның жұмысы ротация принципін сәйкес басқарылады. Механизмнің мүшелері, атап айтқанда, БҰҰ-ның кейбір мамандандырылған мекемелері, БҰҰ-ның бірнеше бағдарламалары (ЮНЕП, БҰҰДБ және т.б.), сәйкес аймақтар үшін әрекет ету жоспарларын құрайтын БҰҰ-ның барлық бес аймақтық комиссиясының хатшылығы, бірқатар конвенциялардың хатшылықтары (биологиялық әртүрлілік туралы, климаттың өзгеруі туралы және т.б.), сондай-ақ БҰҰ жүйесіне кіретін жекелеген ұйымдар, органдар мен құрылымдар кіреді.

ЮНЕСКО-ның (UNESCO Water Family) трансшекаралық су объектілерін пайдалану мен қорғаудағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және тереңдетуге қосқан үлесі ерекше назар аудартады. Осы ұйымның қамқорлығымен Аймақтық су ресурстары бойынша орталықтар құрылды және жұмыс істеуде. Суды пайдалану мәселелері бойынша институт (су

ресурстары саласындағы магистрлерді дайындау), Су ресурстарын бағалау бағдарламасы және Халықаралық гидрологиялық бағдарлама жүзеге асырылады, бұл толығымен су ресурстарын зерттеуге, оларды басқаруға және осы саладағы әлеуетті құруға және арттыруға арналған БҰҰ жүйесіндегі жалғыз үкіметаралық бағдарлама болып табылады.

Сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы су қауіпсіздігін нығайту жөніндегі БҰҰ бастамалары шегіндегі ЮНЕСКО-ның ерекше рөлін атап өту қажет. 2001 жылы ЮНЕСКО мен Халықаралық Жасыл Крест (Green Cross International) бірлескен «Ықтимал қақтығыстан әлеуетті ынтымақтастыққа дейін: Су бейбітшілік үшін» бағдарламасын бастады. Ол Дүниежүзілік Су ресурстарын бағалау бағдарламасының бөлігі болып табылады. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты, Жасыл Крест сияқты, адамзатқа трансшекаралық су ресурстарының салдарынан қақтығыстар туындаған кезде бейбітшілік пен ынтымақтастық идеясының маңыздылығын жеткізу болды [8].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының 2011 жылға арналған адам дамуы туралы «Тұрақты даму және мүмкіндіктердің теңдігі: баршаға жақсы болашақ баяндамасында», таза және қауіпсіз орта – артықшылық емес, құқық болып табылатындығына баса назар аударады. Сәйкесінше, экологиялық құқықтарды, оның ішінде таза суға қол жеткізу құқығын ұлттық заңнамаларға енгізу өте маңызды болып саналады. Баяндама авторларының пікірінше, салауатты қоршаған ортаға конституциялық тұрғыдан тең құқықты тану теңдікті қамтамасыз етуге ықпал етеді және «бұл құқықты құқықтық құрылымға енгізу үкіметтің басымдықтарына және ресурстарды бөлуге әсер етуі мүмкін» [9].

Жоғарыда аталған субъектілердің әрқайсысы халықаралық су ресурстары құқығының қалыптасуы мен қарқынды дамуына ықпал етті. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, олар, өкінішке орай, әрдайым бүгінгі күннің шындығымен үнемі қатар жүріп отырмайды: су дағдарысы осы уақытқа дейін күшейе түсуде. Ғаламдық су дағдарысы жағдайында осы саладағы халықаралық ынтымақтастықтың қазіргі кезде қалыптасқан ұйымдастырушылық механизмі айтарлықтай реформалауды қажет етеді. Атап айтқанда, тиісті үйлестіруге қол жеткізу және қайталануды болдырмау үшін, қолданыстағы құрылымдардың мазмұндық құзыреті неғұрлым нақты бөлінуі керек. Бұл олардың салыстырмалы артықшылықтары негізінде БҰҰ жүйесінің әртүрлі бөліктері арасында тиімді еңбек бөлінісін қамтамасыз етеді. Кез-келген жаңа ұйымдастырушылық механизмдер қолда бар ресурстарды барынша ескере отырып, тиісті іс-шараларды белсендендіруге ықпал етуі маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Черняховский Э. Водная дипломатия: водные ресурсы мира – основа для выживания и устойчивого развития в 21 веке // Дипломатическая служба. 2009. – №2.)
2. БҰҰ БА 10 қараша 1980 ж. 35/18 Қарары «Провозглашение Международного десятилетия снабжения питьевой водой и санитарии» [Электронды ресурс]. – URL: <https://undocs.org/ru/A/RES/35/18> (ж.к.: 15.02.2021)
3. Куденева Ю.С. Формирование международной стратегии в области водных ресурсов: современный этап и ближайшие перспективы // Юридический мир. – 2011. – №12. – Б.50-55
4. Кожакматова Н. Дефицит водных ресурсов – угроза устойчивому развитию // Обозреватель–Observer, 2009. – №4
5. БҰҰ БА 23 желтоқсан 2003 ж. 58/217 Қарары «Международное десятилетие действий «Вода для жизни», 2005–2015 годы» [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.un.org/en/sections/documents/general-assembly-resolutions/index.html> (ж.к.: 15.02.2021)
6. БҰҰ БА 25 қыркүйек 2015 ж. 70/1 Қарары «Преобразование нашего мира: повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года» [Электронды ресурс]. – URL: <https://undocs.org/pdf?symbol=ru/a/res/70/> (ж.к.: 15.02.2021)
7. БҰҰ БА 21.12.2016 ж. № 71/222 Қарары «Международное десятилетие действий „Вода для устойчивого развития“ 2018–2028 годы от 21.12.2016 г.» [Электронды ресурс]. – URL: <https://wsdconf2018.org/wp-content/uploads/2017/05/N1646003-rezalyutsiya.pdf> (ж.к.: 15.02.2021)
8. UNESCO-IHP//Groundwater Portal//From Potential Conflict to Co-operation Potential (PCCP) // [Электронды ресурс]. – URL: <https://groundwaterportal.net/project/pccp> (ж.к.: 15.02.2021)
9. Устойчивое развитие и равенство возможностей: лучшее будущее для всех: Резюме доклада о человеческом развитии Программы развития Организации Объединенных Наций // Организация Объединенных

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ІШКІ КӨШІ-ҚОН ҮРДІСІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

МАЙШЕКИНА Э.С.

PhD докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей

АМЕРХАНОВА И.К.

PhD докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей

Андатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы ішкі көші-қон процестері қарастырылып, көші-қонның қоғамдық өмір процестеріне әсер етуінің негізгі аспектілері анықталған, көші-қон саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері көрсетілген. Сондай-ақ, мақалада көші-қонды құқықтық реттеудің негізгі аспектілері және ішкі көші-қонның өзекті мәселелері қарастырылады, бұл негізінен қолайсыз аймақтардан экономикалық жағдайы анағұрлым қолайлы аймақтарға қарқынды депортациялаумен сипатталады. Мақалада Қазақстандағы ішкі көші-қон проблемалары қарастырылған.

Аннотация. В данной статье рассмотрены внутренние миграционные процессы в Республике Казахстан, определены основные аспекты влияния миграции на процессы общественной жизни, обозначены принципы политики государства в области миграции. Так же в статье рассмотрены основные аспекты нормативно-правового регулирования миграции, и актуальные проблемы внутренней миграции, которая характеризуется в основном интенсивным депортациям из неблагоприятных регионов в районы с более благоприятной экономической ситуацией. В статье рассмотрены проблемы внутренней миграции в Казахстане.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында өз талаптары бойынша демократиялық өлшемдер мен шарттарға жауап беретін заңдар мен нормалар қолданылуда. Бірақ уақыт пен қоғам бір орында тұрмайды, жиырма тоғыз жыл бұрын біздің еліміз коммунистік заңдар бойынша тоталитаризм режимінде өмір сүрген. Кеңес дәуірінің кезеңі біздің дамуымызға, мәдени және экономикалық жетістіктерге, интернационализм болды деп айтуға болмайды, бірақ, өкінішке орай, адам құқықтары саласындағы жағдай басқа дамыған елдерге қарағанда нашар болды. Адам мен қоғамның құқықтары дұрыс қорғалмайтын мемлекет ұзақ уақыт өмір сүре алмайды деген қорытынды бар. Бұл Кеңес Одағының құлдырауының және жаңа тәуелсіз демократиялық мемлекеттердің құрылуының негізгі себептерінің бірі болды.

Заңдар қоғамдық процестерді, қоғамдағы қатынастардың әр қырын реттейді. Адам құқықтарының бұзылуына, құқықтық нигилизмге және құқықтық надандыққа жол берілмейді. Адам құқықтарының сақталуын, заңның үстемдігін, заңның құлдырауын бақыламайтын мемлекет тұрақсыздықтың, қоғамдағы тәртіпсіздіктің, анархиялық жағдайға тап болады.

Заң адам құқықтарын қорғап қана қоймай, қоғамдағы барлық процестерді реттейді, сонымен бірге адам құқықтарын шектейді, адамға, қоғамға, елге қауіп төндіруі мүмкін әрекеттерге тыйым салады.

Ішкі көші-қонның негізі - жұмыс іздеу, алға ұмтылу және өмір салтын өзгерту. Ішкі көші-қон әсіресе кең территориялы және әртүрлі климаттық-экономикалық жағдайлары бар елдерде жиі кездеседі. Үлкен аумағы бар штаттарда маусымдық еңбек көші-қоны маңызды орынды алады: - маусымдық және ауылшаруашылық жұмыстарын орындау үшін ауылға жұмыс күшінің уақытша жылжуы, ауылдық жерлерден қалаға уақытша маусымдық қозғалысы. Өкінішке орай, ресми деректерге сәйкес ішкі көші-қонның жылдық көрсеткіштері шамамен 300 мың адамды құрайды, ал сыртқы көші-қон - 1 миллион адамға дейінгіні құрайды. Бірақ бұл көрсеткіш қазіргі пандемия кезінде сиреген. БҰҰ-ның бағалауы бойынша Қазақстан көші-қонның салыстырмалы көлемі бойынша әлемде алдыңғы қатарда тұр. Жаппай көші-қон білікті жұмысшылардың елеулі шығындарымен қатар жүреді және ел үшін ауыр зардаптарға алып келеді. Кәсіптердің тепе-теңдігі, қоғамның әлеуметтік құрылымы бұзылып, диаспоралар саны айтарлықтай қысқарды. Орталық Азиядағы көші-қон